

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында ішкі істер органдарының қызметін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 29 желтоқсандағы N 372-IV Заңы

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 1997 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 15-16, 211-құжат; 1998 ж., № 16, 219-құжат; № 17-18, 225-құжат; 1999 ж., № 20, 721-құжат; № 21, 774-құжат; 2000 ж., № 6, 141-құжат; 2001 ж., № 8, 53, 54-құжаттар; 2002 ж., № 4, 32, 33-құжаттар; № 10, 106-құжат; № 17, 155-құжат; № 23-24, 192-құжат; 2003 ж., № 15, 137-құжат; № 18, 142-құжат; 2004 ж., № 5, 22-құжат; № 17, 97-құжат; № 23, 139-құжат; 2005 ж., № 13, 53-құжат; № 14, 58-құжат; № 21-22, 87-құжат; 2006 ж., № 2, 19-құжат; № 3, 22-құжат; № 5-6, 31-құжат; № 8, 45-құжат; № 12, 72-құжат; № 15, 92-құжат; 2007 ж., № 1, 2-құжат; № 4, 33-құжат; № 5-6, 40-құжат; № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; № 17, 140-құжат; 2008 ж., № 12, 48-құжат; № 13-14, 58-құжат; № 17-18, 72-құжат; № 23, 114-құжат; № 24, 126-құжат; 2009 ж., № 6-7, 32-құжат; № 13-14, 63-құжат; № 15-16, 71, 73, 75-құжаттар; № 17, 82, 83-құжаттар; № 24, 121, 122, 125, 127, 128, 130-құжаттар; 2010 ж., № 1-2, 5-құжат; № 7, 28, 32-құжаттар; № 11, 59-құжат; № 15, 71-құжат; № 20-21, 119-құжат; 2010 жылғы 27 қарашада «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне баланың құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2010 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 233-баптың төртінші бөлігінің бірінші абзацында: «халықаралық қорғау аясындағы адамдарға немесе ұйымдарға» деген сөздерден кейін «, жайларға, ғимараттарға» деген сөздермен толықтырылсын; «не жылжымалы темір жол құрамын» деген сөздер «, жылжымалы темір жол құрамын не өзге де қоғамдық көлікті» деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 2 3 8 - б а п т а :

тақырыбы мен бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«238-бап. Үйлерге, ғимараттарға, қатынас және байланыс құралдарына шабуыл жасау

1. Үйлерге, ғимараттарға, қатынас және байланыс құралдарына, өзге де коммуникацияларға шабуыл жасау, сол сияқты оларды басып алу -

бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не нақ сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.»;

е к і н ш і б ө л і к т е :

д) тармақшасындағы «арқылы жасалса -» деген сөздер «арқылы;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы е) тармақшасымен толықтырылсын:

«е) мемлекеттік органдардың немесе мемлекеттік мекемелердің ғимараттарына қ а т ы с т ы ж а с а л с а , - » ;

екінші абзацтағы «бес» деген сөз «жеті» деген сөзбен ауыстырылсын;

3) 333-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«333-бап. Байланыс желілерін, сондай-ақ мемлекеттік күзетілуге жататын объектілерді күзету қағидаларын бұзу және орындамау

1. Қалааралық байланыстың кабель желісінің бүлінуіне әкеп соқтырған байланыс желілерін күзету қағидаларын бұзу, егер ол байланыстың үзілуіне алып келсе, - жүз айлық есептік көрсеткіштен бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде немесе сотталған адамның бір айдан бес айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде айыппұл салуға, не бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге жазаланады.

2. Мемлекеттік күзетілуге жататын объектілердің, мемлекеттік органдар мен мемлекеттік мекемелер ғимараттарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі талаптарды бұзу, егер бұл оларды басып алуға немесе өзге де ауыр зардаптарға әкеп с о қ т ы р ғ а н б о л с а , -

үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге немесе нақ сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.».

2. 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 23, 335-құжат; 1998 ж., № 23, 416-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; № 6, 141-құжат; 2001 ж., № 8, 53-құжат; № 15-16, 239-құжат; № 17-18, 245-құжат; № 21-22, 281-құжат; 2002 ж., № 4, 32, 33-құжаттар; № 17, 155-құжат; № 23-24, 192-құжат; 2003 ж., № 18, 142-құжат; 2004 ж., № 5, 22-құжат; № 23, 139-құжат; № 24, 153, 154, 156-құжаттар; 2005 ж., № 13, 53-құжат; № 21-22, 87-құжат; № 24, 123-құжат; 2006 ж., № 2, 19-құжат; № 5-6, 31-құжат; № 12, 72-құжат; 2007 ж., № 1, 2-құжат; № 5-6, 40-құжат; № 10, 69-құжат; № 13, 99-құжат; 2008 ж., № 12, 48-құжат; № 15-16, 62, 63-құжаттар; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 6-7, 32-құжат; № 15-16, 71, 73-құжаттар; № 17, 81, 83-құжаттар; № 23, 113, 115-құжаттар; № 24, 121, 122, 125, 127, 128, 130-құжаттар; 2010 ж., № 1-2, 4-құжат; № 11, 59-құжат; № 17-18, 111-құжат; № 20-21, 119-құжат; 2010 жылғы 27 қарашада «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан

Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне баланың құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2010 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 1 4 7 - б а п т а :

бірінші бөліктегі «балалар мекемесі» деген сөздер «мекеме» деген сөзбен ауыстырылсын ;

үшінші бөліктегі «балалар мекемелері» деген сөздер «мекемелер» деген сөзбен ауыстырылсын;

2) 484-баптың екінші бөлігіндегі «балалар мекемесінде» деген сөздер «мекемеде» деген сөзбен ауыстырылсын;

3) 4 9 0 - б а п т а :

тақырыбындағы және мәтіні бойынша «балалар мекемесіне» деген сөздер «мекемеге» деген сөзбен ауыстырылсын ;
екінші сөйлем алып тасталсын.

3. 2001 жылғы 30 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 5-6, 24-құжат; № 17-18, 241-құжат; № 21-22, 281-құжат; 2002 ж., № 4, 33-құжат; № 17, 155-құжат; 2003 ж., № 1-2, 3-құжат; № 4, 25-құжат; № 5, 30-құжат; № 11, 56, 64, 68-құжаттар; № 14, 109-құжат; № 15, 122, 139-құжаттар; № 18, 142-құжат; № 21-22, 160-құжат; № 23, 171-құжат; 2004 ж., № 6, 42-құжат; № 10, 55-құжат; № 15, 86-құжат; № 17, 97-құжат; № 23, 139, 140-құжаттар; № 24, 153-құжат; 2005 ж., № 5, 5-құжат; № 7-8, 19-құжат; № 9, 26-құжат; № 13, 53-құжат; № 14, 58-құжат; № 17-18, 72-құжат; № 21-22, 86, 87-құжаттар; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 19, 20-құжаттар; № 3, 22-құжат; № 5-6, 31-құжат; № 8, 45-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 55-құжат; № 12, 72, 77-құжаттар; № 13, 85, 86-құжаттар; № 15, 92, 95-құжаттар; № 16, 98, 102-құжаттар; № 23, 141-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 16, 18-құжаттар; № 3, 20, 23-құжаттар; № 4, 28, 33-құжаттар; № 5-6, 40-құжат; № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; № 12, 88-құжат; № 13, 99-құжат; № 15, 106-құжат; № 16, 131-құжат; № 17, 136, 139, 140-құжаттар; № 18, 143, 144-құжаттар; № 19, 146, 147-құжаттар; № 20, 152-құжат; № 24, 180-құжат; 2008 ж., № 6-7, 27-құжат; № 12, 48, 51-құжаттар; № 13-14, 54, 57, 58-құжаттар; № 15-16, 62-құжат; № 20, 88-құжат; № 21, 97-құжат; № 23, 114-құжат; № 24, 126, 128, 129-құжаттар; 2009 ж., № 2-3, 7, 21-құжаттар; № 9-10, 47, 48-құжаттар; № 13-14, 62, 63-құжаттар; № 15-16, 70, 72, 73, 74, 75, 76-құжаттар; № 17, 79, 80, 82-құжаттар; № 18, 84, 86-құжаттар; № 19, 88-құжат; № 23, 97, 115, 117-құжаттар; № 24, 121, 122, 125, 129, 130, 133, 134-құжаттар; 2010 ж., № 1-2, 1, 4, 5-құжаттар; № 5, 23-құжат; № 7, 28, 32-құжаттар; № 8, 41-құжат; № 9, 44-құжат; № 11, 58-құжат; № 13, 67-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 112, 114-құжаттар; № 20-21, 119-құжат; 2010 жылғы 24 қарашада «Егемен Қазақстан» және 2010 жылғы 23 қарашада «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне биотын өндірісін және айналымын

мемлекеттік реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2010 жылғы 15 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2010 жылғы 27 қарашада «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне баланың құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2010 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 330-баптың екінші бөлігінің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:
«он бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамауға алуға әкеп соғады.»;

2) 333-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«333-бап. Тыныштықты бұзу

1. Жеке тұлғалардың қалыпты демалысы мен тыныштығына кедергі келтіретін, түнгі уақытта (сағат 23-тен таңғы 6-ға дейін) тыныштықты бұзу, оның ішінде тұрғын үй-жайларда және олардың сыртында шұғыл қажеттілікпен байланыссыз шығаратын жұмыстарды жүргізу -

ескерту жасауға немесе жеке тұлғаларға - екі, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - он, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға қырық айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған осындай іс-әрекет -

жеке тұлғаларға - бес, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - жиырма, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға сексен айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.»;

3) 336 - бапта :

бірінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«екі айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.»;

екінші бөліктің екінші абзацындағы «айлық есептік көрсеткіштің бірден екіге дейінгі» деген сөздер «бес айлық есептік көрсеткіш» деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«он бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамауға алуға әкеп соғады.»;

4) 336-2-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«336-2-бап. Қоғамдық орындарда есірткі құралдарын, психотроптық заттарды және прекурсорларды медициналық тұрғыдан тыс тұтыну

1. Қоғамдық орындарда есірткі құралдарын, психотроптық заттарды және прекурсорларды медициналық тұрғыдан тыс тұтыну - бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекет - он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, қоғамдық орындарда есірткі құралдарын, психотроптық заттарды және прекурсорларды медициналық тұрғыдан тыс тұтынғаны үшін бір жыл ішінде екі рет әкімшілік жазаға тартылған адам жасаған ә р е к е т - он бес тәулікке әкімшілік қамауға алуға әкеп соғады.»;

5) мынадай мазмұндағы 336-4-баппен толықтырылсын:

«336-4-бап. Заңды өкілдері еріп жүрмеген кәмелетке толмағандардың тұрғын жайдан тыс жерлерде болуы

1. Заңды өкілдері еріп жүрмеген кәмелетке толмағандардың тұрғын жайдан тыс жерлерде сағат 23-тен таңғы 6-ға дейін болуы - заңды өкілдеріне ескертуге әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекет - заңды өкілдеріне бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.»;

6) 371-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«371-бап. Азаматтық және қызметтік қаруды тіркеу (қайта тіркеу) тәртібін не оны есепке қою тәртібін бұзу

1 . М ы н а д а й :

1) жеке тұлғаның қаруды сатып алғаннан кейін тіркеу және оны сақтауға және (немесе) алып жүруге рұқсат алу;

2) жеке тұлғаның азаматтық қаруды сақтауға және (немесе) алып жүруге рұқсатты ұзарту туралы ішкі істер органына өтініш беру;

3) қару иесінің өзіне тиесілі қарудың жоғалғаны немесе ұрланғаны туралы ішкі істер органын хабардар ету;

4) жеке тұлғаның тұрғылықты жерін өзгерткен кезде қаруды есепке қою үшін ішкі істер органдарына өтініш беру;

5) заңды тұлғалардың қызметтік және (немесе) азаматтық қаруды сатып алғаннан кейін оны ішкі істер органдарында тіркеу мерзімдерін бұзу арқылы азаматтық және қызметтік қаруды тіркеу (қайта тіркеу) тәртібін не оны есепке қою тәртібін бұзу - жеке тұлғаларға - бес, лауазымды адамдарға, шағын кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - он, орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - жиырма, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға қырық айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер -

жеке тұлғаларға - қаруы ақылы түрде алып қойылып, он, лауазымды адамдарға, шағын кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - он бес, орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - отыз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жетпіс айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.»;

7) 5 3 1 - б а п т а :

орыс тіліндегі мәтіні өзгертілді, мемлекеттік тілдегі мәтіні өзгермейді;

б і р і н ш і б ө л і к т е :

орыс тіліндегі мәтіні өзгертілді, мемлекеттік тілдегі мәтіні өзгермейді;

е к і н ш і а б з а ц т а :

«айлық есептік көрсеткіштің: жеке тұлғаларға - үштен беске дейінгі мөлшерінде», «бестен онға дейінгі мөлшерінде», «жиырмадан жиырма беске дейінгі» сөздер тиісінше «жеке тұлғаларға - бес», «он», «жиырма бес айлық есептік көрсеткіш» деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

орыс тіліндегі мәтіні өзгертілді, мемлекеттік тілдегі мәтіні өзгермейді;

е к і н ш і б ө л і к т е :

бірінші абзацтағы «жеке немесе» деген сөздер алып тасталсын;

е к і н ш і а б з а ц т а :

«айлық есептік көрсеткіштің: жеке тұлғаларға - бестен онға дейінгі мөлшерінде,» деген сөздер алып тасталсын;

«он бестен жиырмаға дейінгі мөлшерінде», «жиырма бестен отызға дейінгі» деген сөздер тиісінше «жиырма», «отыз айлық есептік көрсеткіш» деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

орыс тіліндегі мәтіні өзгертілді, мемлекеттік тілдегі мәтіні өзгермейді;

8) 5 4 1 - б а п т а :

бірінші бөлік «336-1 (үшінші бөлігінде),» деген сөздерден кейін «336-2 (үшінші бөлігінде),» деген сөздермен толықтырылсын;

1-1-бөліктің 2) тармақшасы «336-3 (екінші бөлігінде),» деген сөздерден кейін «336-4 (екінші бөлігінде),» деген сөздермен толықтырылсын;

9) 5 4 3 - б а п т а :

бірінші бөліктегі «336-2, 336-3 (бірінші бөлігінде),» деген сөздер «336-2 (бірінші және екінші бөліктерінде), 336-3 (бірінші бөлігінде), 336-4 (бірінші бөлігінде),» деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

е к і н ш і б ө л і к т е :

2) тармақша «336-1 (бірінші және екінші бөліктерінде),» деген сөздерден кейін «336-4 (бірінші бөлігінде),» деген сөздермен толықтырылсын;

3) тармақша «336-1 (бірінші және екінші бөліктерінде),» деген сөздерден кейін «336-4 (бірінші бөлігінде),» деген сөздермен толықтырылсын;

10) 636-баптың бірінші бөлігі 1) тармақшасының екінші абзацындағы «336-3 (екінші бөлігі)» деген сөздер «336-2 (үшінші бөлігі), 336-3 (екінші бөлігі), 336-4 (екінші бөлігі)» деген сөздермен ауыстырылсын.

4. 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 ж., № 21, 93-құжат; 2009 ж., № 23, 112-құжат; № 24, 129-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 29, 32-құжаттар; № 15, 71-құжат):

1) 53 - баптың 1 - тармағында:

2) тармақша мынадай мазмұндағы он жетінші абзацпен толықтырылсын:

«көші-қон іс-шаралары»;»;

б) тармақшаның он үшінші абзацындағы «көші-қон іс-шаралары» деген сөздер «оралмандарға әлеуметтік көмек көрсету» деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 54 - бапта:

1 - тармақта:

2) тармақшаның тоғызыншы абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«уақытша ұстау изоляторларының, әкімшілік қамауға алынған адамдарға арналған арнаулы қабылдау орындарының, белгілі тұрғылықты жері және құжаттары жоқ адамдарға арналған қабылдау-бөлу орындарының, қызметтік жануарларға арналған питомниктердің жұмыс істеуі»;»;

3) тармақша мынадай мазмұндағы он алтыншы абзацпен толықтырылсын:

«кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтарының жұмыс істеуі»;»;

4) тармақшаның екінші абзацы «қоспағанда,» деген сөзден кейін «уақытша бейімдеу және детоксикациялау жөніндегі медициналық қызметтер көрсетуді қоса алғанда,» деген сөздермен толықтырылсын;

3) 55 - бапта:

1 - тармақта:

2) тармақшаның сегізінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«уақытша ұстау изоляторларының, әкімшілік қамауға алынған адамдарға арналған арнаулы қабылдау орындарының, белгілі тұрғылықты жері және құжаттары жоқ адамдарға арналған қабылдау-бөлу орындарының, қызметтік жануарларға арналған питомниктердің жұмыс істеуі»;»;

3) тармақша мынадай мазмұндағы он сегізінші абзацпен толықтырылсын:

«кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтарының жұмыс істеуі»;»;

4) тармақшаның екінші абзацы «қоспағанда,» деген сөзден кейін «уақытша бейімдеу және детоксикациялау жөніндегі медициналық қызметтер көрсетуді қоса алғанда,» деген сөздермен толықтырылсын.

5. 2008 жылғы 10 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 ж., № 22-I, 22-II, 112-құжат;

2009 ж., № 2-3, 16, 18-құжаттар, № 13-14, 63-құжат; № 15-16, 74-құжат; № 17, 82-құжат; № 18, 84-құжат; № 23, 100-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 1-2, 5-құжат; № 5, 23-құжат; № 7, 28, 29-құжаттар; № 11, 58-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 112-құжат; 2010 жылғы 27 қарашада «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне баланың құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2010 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2010 жылғы 4 желтоқсанда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2010 жылғы 26 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы):

471-баптың кестесі 1.54-жолының 2-бағанындағы «жеке және» деген сөздер алып тасталсын.

6. 2009 жылғы 18 қыркүйектегі «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2009 ж., № 20-21, 89-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 32-құжат; № 15, 71-құжат):

1) 1-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 43-1) және 107-1) тармақшалармен толықтырылсын:

«43-1) детоксикация – адам организмiнен алкогольдi шығаруға бағытталған медициналық іс-шаралар кешені;»;

«107-1) уақытша бейiмдеу – адамды масаң күйiнен шығару және оны қоршаған орта жағдайларына бейiмдеу жөнiндегi процесс;»;

2) 9-баптың 2-тармағының 3) тармақшасы «азаматтардың» деген сөздің алдынан «уақытша бейiмдеу және детоксикациялау жөнiндегi медициналық қызметтер көрсетуді қоса алғанда,» деген сөздермен толықтырылсын;

3) 10-баптың 3) тармақшасы «шеңберiнде» деген сөзден кейiн «уақытша бейiмдеу және детоксикациялау жөнiндегi медициналық қызметтер көрсетуді қоса алғанда,» деген сөздермен толықтырылсын.

7. «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Ішкі әскерлері туралы» 1992 жылғы 23 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., № 11-12, 290-құжат; № 24, 592-құжат; 1993 ж., № 8, 179-құжат; 1995 ж., № 1-2, 17-құжат; № 23, 155-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 7, 79-құжат; № 12, 184-құжат; № 13-14, 205-құжат; 1998 ж., № 23, 416-құжат; № 24, 436-құжат; 1999 ж., № 8, 233, 247-құжаттар; 2001 ж., № 13-14, 174-құжат; № 20, 257-құжат; № 24, 336-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; № 24, 155-құжат; 2007 ж., № 15, 107-құжат; 2008 ж., № 10-11, 39-құжат; 2010 ж., № 7, 32-құжат):

1) 8-баптың үшінші абзацы алып тасталсын;

2) 1 0 - б а п т а :
б е с і н ш і а б з а ц а л ы п т а с т а л с ы н ;

оныншы абзац «Ішкі әскерлердің жоғары» деген сөздердің алдынан «Ішкі әскерлер Қолбасшысының орынбасарларын,» деген сөздермен толықтырылсын.

8. «Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдары туралы» 1995 жылғы 21 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., № 23, 154-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 7, 79-құжат; № 12, 184-құжат; 1998 ж., № 17-18, 225-құжат; № 23, 416-құжат; № 24, 436-құжат; 1999 ж., № 8, 233, 247-құжаттар; № 23, 920-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; 2001 ж., № 13-14, 174-құжат; № 17-18, 245-құжат; № 20, 257-құжат; № 23, 309-құжат; 2002 ж., № 17, 155-құжат; 2003 ж., № 12, 82-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; № 24, 154, 155-құжаттар; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 3, 20-құжат; № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; 2008 ж., № 15-16, 61-құжат; 2009 ж., № 8, 44-құжат; № 18, 84-құжат; № 19, 88-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 28, 32-құжаттар; № 8, 41-құжат):

1) 2 - б а п т ы ң 1 - т а р м а ғ ы н д а :

9) тармақшадағы «, жеке адамдарды» деген сөздер алып тасталсын; мынадай мазмұндағы 10-1), 10-2) және 10-3) тармақшалармен толықтырылсын:
«10-1) Қазақстан Республикасының азаматтарына жеке куәліктер мен паспорттар құжаттамалауды, әзірлеуді және беруді жүзеге асыру;
10-2) азаматтарды есепке алуды және тіркеуді Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен жүзеге асыру;
10-3) босқындар мәселелері бойынша мемлекеттік саясатты іске асыру;»;

2) 4 - 2 - б а п т а :

бірінші бөлік «анықтау және жолын кесу,» деген сөздерден кейін «өз құзыреті шегінде көші-қон процестерін реттеуді және халықтың көші-қоны саласындағы жұмысты үйлестіруді жүзеге асыру,» деген сөздермен толықтырылсын;
екінші бөліктегі «табиғат қорғау және мал дәрігерлік полиция, жол полициясы» деген сөздер «табиғат қорғау және ветеринариялық, көші-қон және жол полициясы» деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 5 - 1 - б а п т а :

1 - т а р м а қ :

мынадай мазмұндағы 36-1), 36-2), 36-3), 39) және 40) тармақшалармен толықтырылсын:

«36-1) босқын мәртебесін беру, ұзарту, одан айыру және тоқтату рәсімдерін, пана іздеген адамның куәлігін беруді жүзеге асырады;
36-2) босқын мәртебесін беру туралы өтінішхатты тіркеу мен қарау тәртібін, пана іздеген адам куәлігінің үлгілерін бекітеді;
36-3) Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңнамасында белгіленген

тәртіппен Қазақстан Республикасынан шетелге жұмысшы күшін әкетуге байланысты қызметке лицензияларды береді, тоқтата тұрады;»;

«39) кандидатураны әкімшілік учаске халқымен жариялы түрде талқылау ескеріліп, учаскелік полиция инспекторларын тағайындау тәртібін айқындайды;

40) Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.»;

2 - т а р м а қ т а :

22) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 26) тармақшамен толықтырылсын:

«26) Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.»;

3 - т а р м а қ т а :

7) тармақшадағы «медициналық айықтырғыштардың,» деген сөздер алып тасталсын ;

8) тармақша алып тасталсын;

4) 6-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«6-1-бап. Жергілікті атқарушы органдардың өкілеттіктері

1. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары :

1) облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың аумағында ішкі істер органдарымен бірлесіп, қоғамдық тәртіпті сақтау мен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді ұйымдастырады;

2) қоғамдық тәртіпті сақтау мен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы өңірлік бағдарламалардың іске асырылуын қамтамасыз етеді;

3) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен лимиттер шегінде облыстық бюджеттер және республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттері есебінен қамтылатын әкімшілік полицияның штат санын ұстауды қамтамасыз етеді;

4) жанар-жағармай материалдарын сатып алуды, сондай-ақ аумақтық ішкі істер органдарының коммуналдық қызмет көрсетуге, электр энергиясына, жылу беруге және байланыс қызметіне ақы төлеу жөніндегі шығындарды қоса алғанда, аумақтық органдар аппараттарына электрондық почта қызметін көрсетуге жұмсалатын шығындарды қоспағанда, қызметтік үй-жайлары мен көлік құралдарын ұстауды, оларға қызмет көрсетуді және жөндеуді қамтамасыз етеді;

5) учаскелік полиция инспекторларын олар қызмет көрсететін учаскелерде жиһазбен, байланыс құралдарымен жабдықталған жұмысқа арналған үй-жаймен, сондай-ақ көлік құралдарымен қамтамасыз етеді;

6) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың деңгейінде

спорттық-бұқаралық, ойын-сауық мәдени-бұқаралық іс-шаралар өткізілетін жерлерде шыны ыдыстағы өнімдерді сатуға шектеу қояды;

7) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесіне орай Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады .

2. Аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары :

1) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында ішкі істер органдарымен бірлесіп, қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті сақтауды қамтамасыз етуді ұйымдастырады ;

2) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында әкімшілік учаске халқының пікірін ескере отырып, учаскелік полиция инспекторларын тағайындау үшін ішкі істер органдарымен бірлесіп, жергілікті қоғамдастықтың жиналысын (жиынын) ұйымдастырады ;

3) аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың деңгейінде спорттық-бұқаралық , ойын-сауық мәдени-бұқаралық іс-шаралар өткізілетін жерлерде шыны ыдыстағы өнімдерді сатуға шектеу қояды ;

4) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесіне орай Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.»;

5) 10-баптың 1-тармағында :
мынадай мазмұндағы 25-1), 25-2), 25-3) және 25-4) тармақшалармен толықтырылсын :

«25-1) Қазақстан Республикасындағы көші-қон процестерін талдауға және оған болжам жасауға ;

25-2) халықтың көші-қоны мәселелері және босқындар мәселелері жөніндегі жұмысты ұйлестіруге ;

25-3) келген оралмандарды тіркеуді, есепке алуды жүзеге асыруға;

25-4) оралман мәртебесін беруден және оралмандардың көшіп келу квотасына енгізуден бас тарту туралы шағымдарды қарауға;»;

30-6) және 30-7) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«30-6) он сегіз жасқа толмаған және қылмыс жасаған адамдарды, егер оларды оқшаулау қажет болса, арнаулы мекемелерде ұстауға міндетті.

Қылмыстық жауаптылық туындайтын жасқа толмаған және қылмыс жасаған, сондай-ақ ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарына жіберілетін кәмелетке толмағандар сот шешімі заңды күшіне енгенге дейін ата-аналарына, оларды тәрбиелеу жөніндегі міндеттер заңмен жүктелген қорғаншыларына, қамқоршыларына және өзге де адамдарға беріледі ;

30-7) кәмелетке толмағандарды ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарына,

сондай-ақ ішкі істер органдары қызметінің барысында ұсталған, үш жастан он сегіз жасқа дейінгі және ата-аналарының немесе оларды алмастырушы адамдардың қамқорлығынсыз қалған қадағалаусыз балалар мен жасөспірімдерді кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтарына жеткізуге;»;

30-8) тармақшадағы «арнаулы медициналық мекемелерге не ішкі істер органдарының кезекші бөлімдеріне жеткізуге және оларда айыққанға дейін ұстауға» деген сөздер «медициналық ұйымдарға жеткізуге» деген сөздермен ауыстырылсын;

41) тармақшадағы «ұсынуға міндетті.» деген сөздер «ұсынуға;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 42) тармақшамен толықтырылсын:

«42) Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де міндеттерді жүзеге асыруға міндетті.»;

б) 11 - баптың 1 - тармағында:

8) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«8) он сегіз жасқа толмаған және қылмыс жасаған адамдарды, егер оларды оқшаулау қажет болса, арнаулы мекемелерде ұстауға құқығы бар.

Қылмыстық жауаптылық туындайтын жасқа толмаған және қылмыс жасаған, сондай-ақ ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарына жіберілетін кәмелетке толмағандар сот шешімі заңды күшіне енгенге дейін ата-аналарына, оларды тәрбиелеу жөніндегі міндеттер заңмен жүктелген қорғаншыларына, қамқоршыларына және өзге де адамдарға беріледі;»;

мынадай мазмұндағы 8-1) және 35-1) тармақшалармен толықтырылсын:

«8-1) кәмелетке толмағандарды ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарына, сондай-ақ ішкі істер органдары қызметінің барысында ұсталған, үш жастан он сегіз жасқа дейінгі және ата-аналарының немесе оларды алмастырушы адамдардың қамқорлығынсыз қалған қадағалаусыз балалар мен жасөспірімдерді кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтарына жеткізуге;»;

«35-1) оралман мәртебесін беру тәртібін, оралманның және оның отбасы мүшелерінің уақытша орналастыру орталықтарында, сондай-ақ оралмандарды бейімдеу және кіріктіру орталықтарында болуының тәртібі мен уақытын айқындауға;»;

38) тармақшадағы «көтермелеуге құқығы бар.» деген сөздер «көтермелеуге;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 40) тармақшамен толықтырылсын:

«40) Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.»;

39) тармақша алып тасталсын.

9. «Халықтың көші-қоны туралы» 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 24, 341-құжат; 2001 ж., № 8, 50-құжат; № 21-22, 285-құжат; № 24, 338-құжат; 2002 ж.

., № 6, 76-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2007 ж., № 3, 23-құжат; № 15, 106-құжат; № 20, 152-құжат; 2008 ж., № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 23, 117-құжат):

1) 23-баптағы «ішкі істер органдарынан» деген сөздер «уәкілетті органнан» деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 24-баптың б) тармақшасындағы «ішкі істер органдары мен» деген сөздер алып тасталсын;

3) 29-2-баптың 1) тармақшасында: бірінші абзац «халықты» деген сөздің алдынан «еңбек және» деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы алтыншы абзацпен толықтырылсын: «оралмандардың көшіп келу квотасына енгізілген оралмандарға және олардың отбасыларының мүшелеріне біржолғы жәрдемақылар мен өтемақылар төлеуді;»;

4) 29-4-баптың 2) тармақшасының бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын: «еңбек және халықты әлеуметтік қорғау мәселелері жөніндегі уәкілетті орган:»;

5) 34-бапта:

10) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 12) тармақшамен толықтырылсын:

«12) Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.».

10. «Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы» 1998 жылғы 30 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., № 24, 448-құжат; 2002 ж., № 4, 34-құжат; 2004 ж., № 23, 140, 142-құжаттар; 2006 ж., № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 19, 150-құжат; № 20, 152-құжат; 2010 ж., № 8, 41-құжат):

1) 6-баптың бірінші бөлігіндегі «жеке күзетшілердің, дара кәсіпкерлердің күзет бөлімшелері қызметкерлерінің,» деген сөздер алып тасталсын;

2) 14-бапта:

тақырыбындағы «, жеке күзетшілердің, күзет бөлімшелерін құрған дара кәсіпкерлердің» деген сөздер алып тасталсын;

1-тармақтағы «, жеке күзетшілердің, күзет бөлімшелерін құрған дара кәсіпкерлердің» деген сөздер алып тасталсын;

3-тармақтағы «Күзет бөлімшесін құрған дара кәсіпкер, ұйымның (ерекше жарғылық міндеттері бар заңды тұлғаның) басшысы» деген сөздер «Ұйымның (ерекше жарғылық міндеттері бар заңды тұлғаның) басшысы» деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 15-бапта:

1-тармақта:

үшінші бөліктегі «электрлі қару» деген сөздер алып тасталсын; жетінші бөліктегі «бес» деген сөздер «екі» деген сөздермен ауыстырылсын;

сегізінші бөлік «ұңғысыз» деген сөзден кейін «, электрлі» деген сөзбен толықтырылсын;

2 - тармақта :

бірінші бөлік «(садақтар мен арбалеттерді),» деген сөздерден кейін «электрлі қаруды,» деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөлікте :

«(садақтар мен арбалеттерді)» деген сөздерден кейін «, электрлі қаруды» деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші сөйлеммен толықтырылсын:

«Рұқсат бес жыл мерзімге беріледі және ұзартылады.»;

3-тармақтағы «көру қабілетінің бұзылуына, психикалық ауруға, маскүнемдікке, нашақорлыққа немесе уытқұмарлыққа байланысты» деген сөздер «денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органдар белгілеген» деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақ «(садақтар мен арбалеттерді)» деген сөздерден кейін «, электрлі қаруды» деген сөздермен толықтырылсын;

6-тармақтағы «көру қабілетінің бұзылуына, психикалық ауруларға, маскүнемдікке, нашақорлыққа немесе уытқұмарлыққа байланысты» деген сөздер алып тасталсын;

4) 16-баптың 2-тармағында :

1) тармақшадағы «2-азатжолында» деген сөздер «3-абзацында» деген сөздермен ауыстырылсын;

5) тармақшадағы «өткізуге міндетті.» деген сөздер «өткізуге;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 6) тармақшамен толықтырылсын:

«6) тұрғылықты жерін ауыстырған кезде қаруды ішкі істер органдарының есебінен шығаруға және он күн мерзімде жаңа тұрғылықты жері бойынша оны тиісті есепке қоюға, ал бір ауданның не аудандарға бөлінбейтін қаланың шегінде тұрғылықты жерін ауыстырған кезде бес күн мерзімде бұл туралы аумақтық ішкі істер органдарын хабардар етуге міндетті.»;

5) 19-баптың 5) тармақшасының екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«қару ұстауға кедергі жоқ екені туралы медициналық қорытындыны тапсырмаса;»;

6) 23-баптың 2-тармағындағы «, сондай-ақ азаматтық және қызметтік қарумен және оның патрондарымен сауда жасауға лицензиясы бар заңды тұлғаларға азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын сатуға» деген сөздер алып тасталсын.

11. «Дене шынықтыру және спорт туралы» 1999 жылғы 2 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 24, 1065-құжат; 2003 ж., № 15, 129-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 13, 86-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 10, 69-құжат; № 20, 152-құжат; 2009 ж., № 15-16, 77-құжат; № 18, 84-құжат; № 23, 111-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат):

15-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«15-бап. Дене шынықтыру мен спорт сабақтарын, спорт жарыстары мен бұқаралық спорт шараларын өткізу кезінде қауіпсіздік қағидаларын сақтау, азаматтардың денсаулығын қорғау

1. Дене шынықтыру және спорт қызметкерлері дене шынықтыру мен спорт сабақтарын өткізу кезінде дене шынықтыру және спорт жөніндегі уәкілетті орган әзірлеп, бекітетін қауіпсіздік нормалары мен қағидаларының сақталуын қамтамасыз е т е д і .

2. Дене шынықтыру-сауықтыру және спорт ғимараттары ұйымдарының әкімшілігі сабақтар мен жарыстар өткізілетін орындарды қауіпсіздік техникасының қағидаларына, санитариялық қағидалар мен гигиеналық нормативтерге сәйкес техникамен тиісінше жабдықтауды қамтамасыз етеді және азаматтардың денсаулығына келтірілген зиян үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

3. Дене шынықтыру мен спорт сабақтарын, спорт жарыстары мен спорттық-бұқаралық іс-шараларды өткізуге арналған объектілер мен ғимараттар санитариялық қағидалар мен гигиеналық нормативтерге, сондай-ақ спорт ғимараттарын пайдалану және өрт қауіпсіздігі қағидаларына сай болуға тиіс.

4. Дене шынықтыру мен спорт қызметкерлері дене шынықтырумен және спортпен айналысатын азаматтардың денсаулығына келтірілген зиян үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

5. Азаматтар мен қатысушылардың қауіпсіздік жағдайын қамтамасыз етуді күрделендіретін спорт ғимараттарын пайдалану және өрт қауіпсіздігі қағидалары талаптарының бұзылуы анықталған жағдайда, оның ішінде мінбенің тіреуіш конструкцияларының ескіруі, мінбе астындағы үй-жайларда жанар-жағармай заттары мен материалдарының болуы, авариялық жарықтандыру мен эвакуациялау жолдарының болмауы, өртке қарсы қорғану құралдарының болмауы немесе ақаулары, сондай-ақ өрттің туындауына әкеп соғуы мүмкін электр жабдығын монтаждау және пайдалану қағидаларын бұзу бөлігінде төтенше жағдайлар жөніндегі органдар енгізетін ұсыным бойынша өз бетінше не ішкі істер органдарының бастамасы бойынша жергілікті атқарушы органдар қауіпсіздік жағдайларының анықталған бұзушылықтары жойылғанға дейін спорттық-бұқаралық іс-шараларды өткізуге тыйым салады.

6. Спорттық-бұқаралық іс-шараларды ұйымдастырушылар іс-шараны өткізгенге дейін он күннен кешіктірмей көрермендердің болжамды саны туралы, бір күн бұрын - сатылған билеттердің, берілген рұқсаттардың, оның ішінде автокөлікке берілген рұқсаттардың саны, сондай-ақ ішкі істер, төтенше жағдайлар және денсаулық сақтау органдарының арнаулы техникасына арналған тұрақ орындары туралы жергілікті атқарушы органдарды хабардар етуге міндетті.»

12. «Күзет қызметі туралы» 2000 жылғы 19 қазандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2000 ж., № 14-15, 281-

құжат; 2002 ж., № 4, 34-құжат; № 17, 155-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 8, 52-құжат; 2008 ж., № 12, 51-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; № 24, 122-құжат):

1) 1 - б а п т а :

1-тармақтағы «Жеке (дара кәсіпкерлер) және заңды» деген сөздер «Заңды» деген сөзбен ауыстырылсын;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Осы Заңның күші жеке күзет ұйымдарына және егер ішкі істер органдары туралы Қазақстан Республикасының заңдарында, Президенті мен Үкіметінің актілерінде өзгеше көзделмесе, ішкі істер органдарының мамандандырылған күзет бөлімшелеріне қолданылады.»;

2) мынадай мазмұндағы 1-1-баппен толықтырылсын:

«1-1-бап. Мемлекеттік күзетілуге жататын объектілер

1. Аса маңызды мемлекеттік және стратегиялық объектілер; стратегиялық маңызы бар және жарғылық капиталында акцияларының бақылау пакетін (қатысу үлестерін) мемлекет тікелей немесе жанама түрде иеленетін заңды тұлғаларға тиесілі экономика салаларының объектілері мемлекеттік күзетілуге жатады.

Мемлекеттік күзетілуге жататын объектілерді күзетуді Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары, ішкі істер органдарының мамандандырылған күзет бөлімшелері, Қарулы Күштері, басқа да әскерлері мен әскери құралымдары жүзеге асырады.

2. Мемлекеттік күзетілуге жататын объектілерді айқындау тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

Мемлекеттік күзетілуге жататын объектілердің тізбелерін Қазақстан Республикасының Президенті немесе Қазақстан Республикасының Үкіметі өздерінің өкілеттіктеріне сәйкес бекітеді.

3. Мемлекеттік күзетілуге жататын объектілердің бірінші басшылары Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын талаптарға сәйкес олардың инженерлік-техникалық нығайтылуын қамтамасыз етуге міндетті.

4. Күзет қызметін көрсету саласында бәсекелестік ортаны қалыптастыру мақсатында осы баптың екінші бөлігінде көрсетілген тізбеге енгізілмеген объектілерді күзетуді жеке күзет ұйымдары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жеке және заңды тұлғалармен жасалған шарттардың негізінде жүзеге асыра алады.»;

3) 5 - б а п т а :

1-тармақтың бірінші бөлігіндегі «Азаматтарға (жеке кәсіпкерлерге) және» деген сөздер алып тасталсын;

2 - т а р м а қ т а :

«Жеке күзетшіні,», «дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалардың күзет бөлімшесінде, мемлекеттік органдардың ведомстволық күзет бөлімшесінде» деген сөздер алып

т а с т а л с ы н ;

«қайта даярлау» деген сөздер «біліктілігін арттыру» деген сөздермен
а у ы с т ы р ы л с ы н ;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Күзет қызметінің субъектілері мемлекеттік құпияларды қорғау саласындағы
заңнаманың талаптарын сақтай отырып, тәжірибе алмасу, өз мамандарының біліктілігін
арттыру, қазіргі заманғы техникалық құралдар мен технологияларды енгізу және
пайдалану мақсатында күзет қызметі саласындағы шетелдік компанияларды тартуға
қ ұ қ ы л ы . » ;

4-тармақтың 4) тармақшасы алып тасталсын;

4) 6-баптың 5-тармағы «Күзет қызметін жүзеге асыратын субъектілер
қызметкерлерінің» деген сөздерден кейін «, оның ішінде олардың қоғамдық
қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қатысуы кезінде» деген сөздермен толықтырылсын;

5) 7-баптың 3), 4) және 5) тармақшалары алып тасталсын;

6) 9-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«9-бап. Ішкі істер органдарының мамандандырылған күзет
бөлімшелерінің күзет қызметін жүзеге асыру
ерекшеліктері

Ішкі істер органдарының мамандандырылған күзет бөлімшелері осы Заңның 1-1-
бабының 1-тармағында көрсетілген объектілерді ғана күзетуді жүзеге асырады.»;

7) 1 0 - б а п т а :

1-тармақтағы «Жеке күзет ұйымының» деген сөздер «Тиісті лицензиясы болған
жағдайда күзет дабылы құралдарын монтаждау, баптау және техникалық қызмет
көрсету, сондай-ақ күзет тәсілдері және құқыққа қарсы қол сұғушылықтардан заңды
қорғау бойынша кеңестер беру және ұсынымдар дайындау жөніндегі жұмыстарды
қоспағанда, жеке күзет ұйымының» деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақтағы «Күзетшіні арнайы даярлаудың» деген сөздер «Күзет ұйымдарының
басшылары мен күзетшілерді арнайы даярлаудың және біліктілігін арттырудың» деген
с ө з д е р м е н а у ы с т ы р ы л с ы н ;

6 - т а р м а қ т ы ң 2) т а р м а қ ш а с ы н д а :

«қасақана» деген сөз алып тасталсын;

«соттылығы бар адамдарды қабылдауға болмайды.» деген сөздер «соттылығы бар;»
деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 3), 4), 5) және 6) тармақшалармен
т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

«3) Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің Ерекше бөлігіндегі баптың
тиісті бөлігінде көзделген бас бостандығынан айыру түріндегі жазаның төменгі
шегіндегі мерзім өткенге дейін ақталмайтын негіздер бойынша қылмыстық
ж а у а п т ы л ы қ т а н б о с а т ы л ғ а н ;

4) жеке меншікке, мемлекеттік билік институттарына, белгіленген басқару тәртібіне

, қоғамдық тәртіпке және адамгершілікке қол сұғатын қасақана әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін бұрын, күзет ұйымының басшысы немесе күзетшісі болып жұмысқа қабылданғанға дейін бір жыл ішінде әкімшілік жауапкершілікке тартылған;

5) мемлекеттік, әскери қызметтен, құқық қорғау органдарынан, соттардан және әділет органдарынан жағымсыз себептермен босатылғанына үш жыл болмаған;

6) жеке күзет ұйымының күзетшісі лауазымынан жағымсыз себептермен босатылғанына үш жыл болмаған адамдарды қабылдауға болмайды.»;

8) 11, 12 және 13-баптар алып тасталсын;

9) мынадай мазмұндағы 13-1-баппен толықтырылсын:

«13-1-бап. Жеке күзет ұйымында күзетші қызметін атқаратын қызметкерлердің құқықтары мен міндеттері

1. Жеке күзет ұйымында күзетші қызметін атқаратын қызметкерлер:

1) қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыруда, оның ішінде ойын-сауық мәдени-бұқаралық және спорттық-бұқаралық іс-шараларды өткізу кезінде ішкі істер органдарына жәрдемдесуге;

2) қылмыстар мен әкімшілік құқық бұзушылықтардың алдын алуға және жолын к е с у г е ;

3) құқық бұзушылықтың жолын кесу және құқық бұзушыларды ұстау мақсатында, егер аталған мақсаттарға өзгеше әдістермен қол жеткізу мүмкін болмаса, дене күшін және басқа да құралдарды қолдануға құқылы. Бұл ретте осы үшін қажетті шараларды шектен асыруға жол берілмеуге тиіс;

4) заңдарда көзделген жағдайларда қылмыс немесе әкімшілік құқық бұзушылық жасаған адамдарды ұстауға және құқық қорғау органдарына жеткізуге құқылы. Қажет болғанда, ұсталған адамда қару, сондай-ақ өзге де қауіпті және (немесе) айналымына тыйым салынған заттар бар деп ұйғаруға негіздер болса, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұсталған адамның киімін қарауға және құқық қорғау органдарына немесе өзге де мемлекеттік билік органына беру үшін аталған заттарды алып қоюға;

5) құқыққа қарсы қол сұғушылықтардан, жол-көлік оқиғаларынан, дүлей зілзаладан және өзге де төтенше жағдайлардан зардап шеккен жеке тұлғаларға медициналық және өзге де көмек көрсетуде жәрдемдесуге;

6) жеке тұлғалардан қоғамдық тәртіпті сақтауды талап етуге құқылы.

2. Жеке күзет ұйымында күзетші қызметін атқаратын қызметкерлер:

1) азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын сақтауға;

2) өздеріне белгілі болған дайындалып жатқан не жасалған қылмыс фактілері туралы ішкі істер органдарына дереу хабарлауға;

3) заңнамада көрсетілген жағдайларда жеке тұлғалардың талап етуі бойынша өзінің күзет қызметі субъектісінің күзетшісі екенін растайтын куәлігін көрсетуге;

4) құқық бұзушылық профилактикасы субъектілеріне жәрдемдесуге;
5) қылмыс немесе әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін ұсталған жеке тұлғаларға мәжбүрлеу шараларын оларға қолданудың негіздерін түсіндіруге міндетті.»;

10) 14-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«14-бап. Күзет қызметтерін көрсету түрлері

Лицензиялануға тиісті күзет қызметін күзет қызметінің субъектілері мынадай қызметтер көрсету:

1) жеке адамдардың өмірі мен денсаулығын қорғау;
2) заңды және жеке тұлғалардың мүлкін, оның ішінде оны тасымалдау кезінде күзету;

3) күзету тәсілдері мен құқыққа қарсы қол сұғушылықтардан заңды қорғану бойынша кеңестер беру және ұсынымдар дайындау нысанында жүзеге асырады.

Жеке күзет ұйымында күзетші қызметін атқаратын қызметкерлер ерікті түрде қоғамдық тәртіпті сақтауға тартылады.»;

11) 15 - бапта:

2 - тармақ алып тасталсын;

3-тармақтағы «және мемлекеттік органдардың ведомстволық күзет бөлімшелерінің» деген сөздер алып тасталсын;

4-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Жеке күзет ұйымдарында күзетші қызметін атқаратын қызметкерлер күзет қызметін өздерінің күзет қызметі субъектісінің күзетшісі екенін білдіретін арнаулы киім киіп жүзеге асырады.»;

12) 16-баптың 2-тармағының 3) тармақшасы алып тасталсын;

13) 17-бап алып тасталсын;

14) 17-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«17-1-бап. Күзет қызметін жүзеге асырумен байланысты шектеулер

1. Қазақстан Республикасының заңды тұлғалары мен азаматтарының күзет қызметімен айналысатын бірнеше ұйымның бір мезгілде құрылтайшысы, қатысушысы және (немесе) меншік иесі болуға құқығы жоқ.

2. Жеке күзет ұйымы қызметкерлерінің санын өз міндеттерін орындауға қажетті адам саны нормативінен асыруға болмайды. Адам саны нормативін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

Адам санын нормативтен асыру лицензияның қолданылуын тоқтата тұруға әкеп соғады. Уәкілетті орган (лицензиар) жеке күзет ұйымы қызметкерлерінің саны лицензияның қолданылуы тоқтатыла тұрған күннен бастап күнтізбелік қырық күн ішінде адам саны нормативінің талаптарына сәйкес келтірілмеген жағдайда лицензиатты лицензиясынан айыру туралы арызбен сотқа жүгінеді.

3. Жеке күзет ұйымы күзеттен басқа өзге де қызметті жүзеге асыратын ұйымның еншілес кәсіпорны бола алмайды. Жеке күзет ұйымының құрылтайшысы (қатысушысы

) үшін қызметтің осы түрі негізгі болуға тиіс.

М ы н а л а р :

1) құрылатын ұйым өздеріне қатысты күзет қызметтерін көрсететін ұйымдардың құрылтайшылары не лауазымды адамдары;

2) осы баптың 3-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген адамдардың жақын туысы (ата-аналары, балалары, асырап алушылары, асырап алынған балалары, бір әке, бір шешеден туған және әкесі немесе шешесі бөлек аға-інілері мен апа-қарындастары (сіңлілері), атасы, әжесі, немерелері), некеде тұрған адамы, сондай-ақ жекжаты (жұбайының (зайыбының) ата-аналары, балалары, асырап алушылары, асырап алынған балалары, бір әке, бір шешеден туған және әкесі немесе шешесі бөлек аға-інілері мен апа-қарындастары (сіңлілері), атасы, әжесі, немерелері) болып келетін жеке тұлғалар;

3) қылмыс жасағаны үшін соттылығы бар азаматтар, сондай-ақ құрылтайшылардың (қатысушылардың) құрамында көрсетілген адамдар бар заңды тұлғалар;

4) құрылатын ұйым өздеріне қатысты күзет қызметтерін көрсететін заңды тұлғалар және солармен аффилиирленген заңды тұлғалар;

5) қоғамдық бірлестіктер жеке күзет ұйымының құрылтайшылары (қатысушылары)

б о л а а л м а й д ы .

Осы тармақтың бірінші бөлігінде және екінші бөлігінің 1) және 4) тармақшаларында белгіленген тыйым салулар күзет ұйымдарын құру құқығы Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен берілетін ұлттық компаниялардың жеке күзет ұйымдарын құру жағдайларына қолданылмайды.

4. Жеке күзет ұйымдарының басшыларына және олардың күзетші қызметін атқаратын қызметкерлеріне :

1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құқық қорғау органдары мен басқа да мемлекеттік органдардың айрықша құзыретіне жатқызылған процессуалдық және өзге қызметті жүзеге асыруға;

2) құқық қорғау органдары қызметкерлерінің өкілеттіктерін иемденуге;

3) құқық қорғау органдары қызметкерлерінің заңды қызметіне кедергі келтіруге;

4) адам мен азаматтың ар-намысын және абыройын түсіретін не құқықтары мен бостандықтарын заңсыз шектейтін әрекеттер жасауға тыйым салынады.»;

15) 4-тараудың тақырыбы «қару» деген сөзден кейін «және арнаулы құралдар» деген сөздермен толықтырылсын;

1 6) 1 8 - б а п т а :

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Тиісті лицензия алғаннан кейін күзет қызметі субъектілерінің өнім беруші заңды тұлғалардан Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметтік тегіс ұзын ұңғылы және қысқа ұңғылы қару, сондай-ақ жарақат салатын патрондары бар азаматтық ұңғысыз атыс қаруы мен электрлі қару, арнаулы құралдар сатып алуға құқығы бар. Күзет қызметі субъектілері қызметкерлерінің пайдалануына арналған

қарудың түрлерін, үлгілерін, модельдері мен санын, сондай-ақ арнаулы құралдар тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

Күзет қызметі субъектілеріне қызметтік ойық ұзын ұңғылы және қысқа ұңғылы қару сатып алуға және пайдалануға тыйым салынады.»;

3-тармақтағы «үш» деген сөз «бес» деген сөзбен ауыстырылсын;

4-тармақтағы « күзет бөлімшесінің қызметкері мен жеке күзетші» деген сөздер алып тасталсын;

17) 19 - бапта :

2 - тармақта :

бірінші бөліктегі «, жеке күзетшілердің және күзет бөлімшелерінің күзетші қызметін атқаратын қызметкерлері» деген сөздер алып тасталсын;

үшінші бөліктегі «, жеке күзетшінің, жеке күзет бөлімшесі қызметкерінің» деген сөздер алып тасталсын;

6-тармақтағы «, жеке күзетшілер, күзет бөлімшелерінің қызметкерлері және мемлекеттік органдардың ведомстволық күзет бөлімшелерінің штаттағы күзетшілері» деген сөздер алып тасталсын;

18) 21-баптағы «қайта даярлау» деген сөздер «біліктілігін арттыру» деген сөздермен ауыстырылсын.

13. «Халықты жұмыспен қамту туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 3, 18-құжат; 2004 ж., № 2, 10-құжат; 2005 ж., № 7-8, 19-құжат; № 17-18, 76-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 10, 52-құжат; 2007 ж., № 2, 14, 18-құжаттар; № 3, 20-құжат; № 8, 52-құжат; № 9, 67-құжат; № 15, 106-құжат; № 20, 152-құжат; 2009 ж., № 1, 4-құжат; № 9-10, 50-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 8, 41-құжат):

1) 6-баптың 2-тармағының 5) тармақшасы алып тасталсын;

2) 21-баптың 2-тармағы «уәкілетті органға» деген сөздерден кейін «және ішкі істер органдарына» деген сөздермен толықтырылсын.

14. Әділет органдары туралы» 2002 жылғы 18 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., № 6, 67-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; № 24, 154-құжат; 2005 ж., № 7-8, 23-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 10, 52-құжат; № 13, 86-құжат; 2007 ж., № 2, 14, 18-құжаттар; № 5-6, 40-құжат; № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; № 18, 143-құжат; 2008 ж., № 10-11, 39-құжат; 2009 ж., № 8, 44-құжат; № 15-16, 75-құжат; № 18, 84-құжат; № 19, 88-құжат; № 24, 128-құжат; 2010 ж., № 1-2, 2-құжат; № 5, 23-құжат; № 17-18, 111-құжат):

1) 3-баптың 9-1) және 9-2) тармақшалары алып тасталсын;

2) 18-баптың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
«3) азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу;»;

3) 19 - баптың 1 - тармағында :

4) тармақшадағы «, Қазақстан Республикасының азаматтарына жеке куәліктер мен

паспорттар құжаттамалау мен беруді» деген сөздер алып тасталсын;

7) тармақшадағы «, құжаттамалау» деген сөз алып тасталсын;

4) 34-баптың 1-тармағы алып тасталсын.

15. «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» 2002 жылғы 8 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., № 17, 154-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 7-8, 19-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; № 20, 152-құжат; 2009 ж., № 15-16, 72-құжат; № 17, 81-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2010 жылғы 27 қарашада «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне баланың құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2010 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 30-баптың 1-тармағының тоғызыншы бөлігіндегі «уақытша оқшаулау, бейімдеу және оңалту» деген сөздер «бейімдеу» деген сөзбен ауыстырылсын;

2) 36-бап мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

«5. Заңды өкілдері еріп жүрмеген баланың тұрғын жайынан тыс жерлерде сағат 23-тен таңғы 6-ға дейін болуына тыйым салынады.».

16. «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасының Жаршысы, 2004 ж., № 18, 105-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; 2007 ж., № 20, 152-құжат; 2009 ж., № 15-16, 72-құжат; 2010 ж., № 8, 41-құжат; 2010 жылғы 27 қарашада «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне баланың құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2010 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 9 - б а п т а :

1-тармақтағы «, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау» деген сөздер а л ы п т а с т а л с ы н ;

6-тармақтың 10) тармақшасы алып тасталсын;

2) 1 0 - б а п т а :

10) және 11) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«10) он сегіз жасқа толмаған және қылмыс жасаған адамдарды, егер оларды оқшаулау қажет болса, арнаулы мекемелерде ұстайды.

Қылмыстық жауаптылық туындайтын жасқа толмаған және қылмыс жасаған, сондай-ақ ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарына жіберілетін кәмелетке толмағандар сот шешімі заңды күшіне енгенге дейін ата-аналарына, оларды тәрбиелеу жөніндегі міндеттер заңмен жүктелген қорғаншыларына, қамқоршыларына және өзге

д е а д а м д а р ғ а б е р і л е д і ;

11) кәмелетке толмағандарды ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарына, сондай-ақ ішкі істер органдары қызметінің барысында ұсталған, үш жастан он сегіз жасқа дейінгі және ата-аналарының немесе оларды алмастырушы адамдардың қамқорлығынсыз қалған қадағалаусыз балалар мен жасөспірімдерді кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтарына жеткізеді;»;

мынадай мазмұндағы 12) тармақшамен толықтырылсын:

«12) Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.»;

3) 11-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«11-бап. Кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтары

1. Кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтары (бұдан әрі – Орталық):

1) ата-аналарын немесе басқа да заңды өкілдерін анықтау үшін үш жастан он сегіз жасқа дейінгі қадағалаусыз және панасыз қалған;

2) уақтылы орналастыру мүмкіндігі болмаған жағдайда ата-аналарының немесе оларды алмастырушы адамдардың қамқорлығынсыз қалған, сондай-ақ олардың өміріне немесе денсаулығына тікелей қауіп төнген кезде қорғаншылық және қамқоршылық органы ата-анасынан (олардың біреуінен) немесе оларды қамқорлыққа алған басқа да адамдардан алып қойған;

3) арнаулы білім беру ұйымдарына жіберілетін кәмелетке толмағандарды қабылдауды және уақытша ұстауды қамтамасыз ететін, білім беру органдарының қарамағындағы ұйымдар болып табылады.

2. Кәмелетке толмағандарды Орталыққа орналастыруға:

1) осы баптың 1-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген кәмелетке толмағандарға қатысты - соттың қаулысы;

2) осы баптың 1-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген кәмелетке толмағандарға қатысты - қорғаншылық және қамқоршылық органының қаулысы негіз болып табылады.

3. Түнгі уақытта, демалыс немесе мереке күндері, сондай-ақ өзге де ерекше жағдайларда кәмелетке толмағандар Орталық әкімшілігі актісінің негізінде Орталыққа орналастырылуы мүмкін, бұл туралы жиырма төрт сағат ішінде Орталық әкімшілігі прокурорды жазбаша түрде хабардар етеді. Кәмелетке толмағандарға қатысты материалдар оларды одан әрі ұстау не орналастыру туралы мәселені шешу үшін Орталыққа орналастырылған кезден бастап үш тәуліктің ішінде қорғаншылық және қамқоршылық органына ұсынылады.

4. Кәмелетке толмағандарды Орталыққа орналастыру үшін қажетті құжаттарды жинақтауды ішкі істер органдары немесе қорғаншылық және қамқоршылық органдары қамтамасыз етеді.

5. Кәмелетке толмағандардың Орталықта болу мерзімі үш айдан аспауға тиіс.

6. Кәмелетке толмағандардың Орталықта болу мерзіміне денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган жариялаған карантин кезеңі, сондай-ақ кәмелетке толмағандардың ауруына байланысты стационарлық медициналық мекемеде болу у а қ ы т ы к і р м е й д і .

7. Орталыққа алкогольден, есірткіден немесе уытқұмарлықтан масаң күйіндегі кәмелетке толмағандар, сондай-ақ психикалық аурудың айқын белгілері бар кәмелетке толмағандар орналастырылмайды.

8. Кәмелетке толмағандарды Орталықта ұстаудың тәртібі мен шарттары Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органы бекіткен қағидаларда айқындалады.»;

4) 12-бап мынадай мазмұндағы 8) және 9) тармақшалармен толықтырылсын:

«8) үш жастан он сегіз жасқа дейінгі қадағалаусыз және панасыз қалған кәмелетке толмағандарды, ата-аналарының немесе оларды алмастырушы адамдардың қамқорлығынсыз қалған, сондай-ақ арнаулы білім беру ұйымдарына жіберілетін кәмелетке толмағандарды заңда белгіленген тәртіппен Кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтарында ұстайды;

9) Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.»;

5) 15-баптың 10) тармақшасындағы «хабарлауды ұйымдастырады.» деген сөздер « хабарлауды;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 11) тармақшамен т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

«11) Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыруды ұйымдастырады.»;

6) 19-баптың 1-тармағының 2) тармақшасындағы «уақытша оқшаулау, бейімдеу және оңалту» деген сөздер «бейімдеу» деген сөзбен ауыстырылсын;

7) 22-баптың 2-тармағындағы «уақытша оқшаулау, бейімдеу және оңалту» деген сөздер «бейімдеу» деген сөзбен ауыстырылсын.

17. «Жеке кәсіпкерлік туралы» 2006 жылғы 31 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2006 ж., № 3, 21-құжат; № 16, 99-құжат; № 23, 141-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 3, 20-құжат; № 17, 136-құжат; 2008 ж., № 13-14, 57, 58-құжаттар; № 15-16, 60-құжат; № 23, 114-құжат; № 24, 128, 129-құжаттар; 2009 ж., № 2-3, 18, 21-құжаттар; № 9-10, 47, 48-құжаттар; № 11-12, 54-құжат; № 15-16, 74, 77-құжаттар; № 17, 82-құжат; № 18, 84, 86-құжаттар; № 19, 88-құжат; № 23, 97-құжат; № 24, 125, 134-құжаттар; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 29-құжат; № 15, 71-құжат; 2010 жылғы 24 қарашада «Егемен Қазақстан» және 2010 жылғы 23 қарашада «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған « Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне биотын өндірісін және

айналымын мемлекеттік реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2010 жылғы 15 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы):

6-баптың 4-тармағының он екінші абзацындағы «қызметін жүзеге асыратын дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар шағын кәсіпкерлік субъектілері болып таныла алмайды.» деген сөздер «қызметін;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы он үшінші абзацпен толықтырылсын:

«күзет қызметін жүзеге асыратын дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар шағын кәсіпкерлік субъектілері болып таныла алмайды.».

18. «Мәдениет туралы» 2006 жылғы 15 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2006 ж., № 24, 147-құжат; 2008 ж., № 23, 124-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 10, 49-құжат; № 15, 71-құжат): мынадай мазмұндағы 9-1-баппен толықтырылсын:

«9-1-бап. Ойын-сауық мәдени-бұқаралық іс-шараларды өткізген кезде азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету қағидаларын сақтау

1. Ойын-сауық мәдени-бұқаралық іс-шараларды өткізуге арналған объектілер мен ғимараттар ғимараттарды пайдалану және өрт қауіпсіздігі қағидаларына сәйкес келуге тиіс.

2. Азаматтар мен қатысушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуді күрделендіретін, ғимараттарды пайдалану және өрт қауіпсіздігі қағидалары талаптарының бұзылуы анықталған жағдайда, оның ішінде мінбенің тіреуіш конструкцияларының ескіруі, мінбе астындағы үй-жайларда жанар-жағармай заттары мен материалдарының болуы, авариялық жарықтандыру мен эвакуация жолдарының болмауы, өртке қарсы қорғану құралдарының болмауы немесе ақаулары, сондай-ақ өрттің туындауына әкеп соғуы мүмкін электр жабдығын монтаждау және пайдалану қағидаларын бұзу бөлігінде, төтенше жағдайлар жөніндегі органдар енгізетін ұсыным бойынша өз бетінше не ішкі істер органдарының бастамасы бойынша жергілікті атқарушы органдар қауіпсіздік жағдайларының анықталған бұзушылықтары жойылғанға дейін ойын-сауық мәдени-бұқаралық іс-шараларды өткізуге тыйым салады.

3. Ойын-сауық мәдени-бұқаралық іс-шараларды ұйымдастырушылар осы мақсаттарға арнайы белгіленбеген орындарда (стадиондар, демалыс аймақтары, саябақтар, гүлзарлар, алаңдар, көшелер) өткізілетін іс-шараны өткізгенге дейін он күннен кешіктірмей көрермендердің болжамды саны туралы, бір күн бұрын – сатылған билеттердің, берілген рұқсаттардың, оның ішінде автокөлікке берілген рұқсаттардың саны, сондай-ақ ішкі істер, төтенше жағдайлар және денсаулық сақтау органдарының арнаулы техникасына арналған тұрақ орындары туралы жергілікті атқарушы органдарды хабардар етуге міндетті.».

19. «Лицензиялау туралы» 2007 жылғы 11 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 2, 10-құжат; №

20, 152-құжат; 2008 ж., № 20, 89-құжат; № 23, 114-құжат; № 24, 128, 129-құжаттар; 2009 ж., № 2-3, 16, 18-құжаттар; № 9-10, 47-құжат; № 13-14, 62, 63-құжаттар; № 17, 79, 81, 82-құжаттар; № 18, 84, 85-құжаттар; № 23, 100-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 1-2, 4-құжат; № 7, 28-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 111, 112-құжаттар):

27-баптың 10-тармақшасындағы «жеке және» деген сөздер алып тасталсын.

20. «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 20, 151-құжат; 2008 ж., № 23, 124-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат):

1) 5-бап мынадай мазмұндағы 46) және 47) тармақшалармен толықтырылсын:

«46) кәмелетке толмағандарды Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтарында ұстаудың тәртібі мен шарттарын белгілейді;

47) Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.»;

2) 6 - б а п т а :

2-тармақ мынадай мазмұндағы 23), 24) және 25) тармақшалармен толықтырылсын:

«23) Кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтарының жұмыс істеуін қамтамасыз етеді;

24) Кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтарында ұсталатын адамдарға жағдай жасайды;

25) Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.»;

3-тармақ мынадай мазмұндағы 26), 27) және 28) тармақшалармен толықтырылсын:

«26) Кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтарының жұмыс істеуін қамтамасыз етеді;

27) Кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтарында ұсталатын адамдарға жағдай жасайды;

28) Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.»;

4-тармақ мынадай мазмұндағы 20), 21) және 22) тармақшалармен толықтырылсын:

«20) Кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтарының жұмыс істеуін қамтамасыз етеді;

21) Кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтарында ұсталатын адамдарға жағдай жасайды;

22) Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.».

21. «Босқындар туралы» 2009 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2009 ж., № 23, 116-құжат):

1) б - б а п т а :

7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«7) босқын мәртебесін беру туралы өтінішхатты тіркеу мен қараудың тәртібін, пана іздеген адам куәлігінің үлгілерін бекітеді;»;

12) тармақшадағы «және ішкі істер» деген сөздер алып тасталсын; мынадай мазмұндағы 13-1), 13-2), 13-3) және 13-4) тармақшалармен т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

«13-1) пана іздеген адамдар және босқындар құқықтарының сақталуын қамтамасыз е т е д і ;

13-2) пана іздеген адамдарды және босқындарды тіркеуді жүзеге асырады;

13-3) табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған, шекара бұзушыларды шекарада іздеген, Қазақстан Республикасының аумағына қарулы басып кіруді немесе шектес мемлекет азаматтарының жаппай өтуін тойтарған кезде пана іздеген адамдардың және босқындардың шекара аймағында (белдеуінде) орналасқан жердегі жекелеген учаскелерге немесе объектілерге жіберілуін ұлттық қауіпсіздік органдарының ұсынуы бойынша шектейді немесе оған тыйым салады;

13-4) пана іздеген адамдарды және босқындарды соттың заңды күшіне енген шешімдерін орындау үшін мәжбүрлеп шығарып жіберуді жүзеге асырады;»;

2) 7-баптың 2-тармағы алып тасталсын;

3) 8-баптың 2-тармағының 5) тармақшасындағы «уәкілетті органда есептен және ішкі істер органдарында тіркеуден шығуға» деген сөздер «уәкілетті органда есептен шығуға және тіркелуге» деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 9-баптың 2-тармағының 3) тармақшасындағы «уәкілетті органда есептен және ішкі істер органдарында тіркеуден шығуға» деген сөздер «уәкілетті органда есептен шығуға және тіркелуге» деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 1 0 - б а п т ы ң б - т а р м а ғ ы н д а :

бірінші бөліктегі «және оның өтінішхаты бойынша шешім қабылданғанға дейінгі мерзімге тіркеу үшін ішкі істер органдарына жолдама беріледі» деген сөздер «беріледі және оның өтінішхаты бойынша шешім қабылданғанға дейінгі мерзімге оны тіркеу жүргізіледі» деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөлік алып тасталсын;

б) 18-баптың 2-тармағының бірінші бөлігіндегі «ішкі істер органдары» деген сөздер «уәкілетті орган» деген сөздермен ауыстырылсын.

22. «Құқық бұзушылық профилактикасы туралы» 2010 жылғы 29 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2010 ж., № 8, 40-құжат):

1) 7-бап мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:
«1-1) өзге де мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп халықтың көші-қонын реттеу жөніндегі бағдарламалық құжаттарды әзірлейді және іске асырады;»;

2) 14-баптың 2) тармақшасы алып тасталсын.

2 - б а п .

1. Осы Заң қолданысқа енгізілген күннен бастап бір жыл өткен соң қолданысқа енгізілетін 1-баптың 12-тармағын қоспағанда, осы Заң алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

2. Күзет қызметінің субъектілері осы Заңның 1-бабының 12-тармағы қолданысқа енгізілген күннен бастап үш ай ішінде өз қызметін осы Заңға сәйкес келтіруге міндетті.

3. Осы Заңның 1-бабы 10-тармағы 3) тармақшасы төртінші абзацының күші қаруды осы Заң қолданысқа енгізілгенге дейін иемденген азаматтарға қолданылмайды.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Н. Назарбаев